

Аташ Б.М.

ЭЛЕЙ МЕКТЕБІНДЕГІ БОЛМЫС ПЕН БЕЙБОЛМЫС

Аташ Б.М.

ФИЛОСОФИЯ БЫТИЯ И НЕБЫТИЯ В ЭЛЕЙСКОЙ ШКОЛЕ

В данной статье на основе историко- философского аспекта анализируется философия Небытия в Элейской школе

This article analyses of Parmenide's no-existence on the basis of historic-philosophical aspect.

Қазіргі заманғы ғылым мен техниканың даму тенденциялары және бейсызықтық жүйелердің өрістеуі философиядағы әлемнің жаңаша құрылымын ұсынуды қажет етіп отыр. Сондықтан болмыс пен Бейболмыс мәселелерін философиялық тұғырдан байыптау осындай парадигмалардың қалыптасуымен дамуына әдіснама болмақ.

Бейболмыс мәселесі көптеген ғылымдардың объектісінде талқыланады[1]. Оның философиядағы Бейболмыс және Ештеңе түріндегі көріністерінің де философия тарихында зерделенген өзіндік орны мен ұғымының даму эволюциясы бар ойтолғам болып есептеледі. Сондықтан Бейболмыс мәселесін әр қырынан сараптау қолға алына бастаған шақта оның тарихи-философиялық мәніне үңіліп, теориялық түрде зерделеу басты әдіснамалық шарт екендігі сөзсіз.

Ежелгі Грек философиясында болмыстың мәнін ашу мен гносеология өздігінше айғақталды. Бұндағы онтологиялық ілімдер де Бейболмыс философиясына тоқталып өтуді жөн санаған. Соның бірі –Элей мектебінің көрнекті өкілі - Парменид болатын. Ол философияға «болмыс» ұғымын алғаш енгізе отырып, оны Бейболмыс мәселесімен қатар қойып зерделеді: «...ничто равнозначно не думать, а говорить о ничто, значит ни о чем не говорить. Именно поэтому ничто немислимо и невыразимо. Стало быть, "думать" и "быть" соединяются, совпадая: "одно и то же думать и быть" немесе: «Бытие есть то, что не порождено и не уничтожимо. Ибо, если бы оно происходило, то из небытия, что абсурдно, ибо установлено, что небытия нет. В случае происхождения из бытия, это не менее абсурдно, ибо мы должны были бы признать, что оно уже есть. По тем же причинам нет небытия, поскольку двигаться к бытию значило бы, что бытие уже есть, и стало быть, останется.

Здесь мы видим, что путь заблуждений объемлет все позиции, осмысляющие и применяющие небытие хотя бы как момент, ибо мы видели, что небытия нет, ибо оно немислимо и неразрешимо.

Традиционно космологические теории базировались на динамике оппозиций, одно начало (позитивное) мыслилось как бытие, другое (негативное) мыслилось как небытие. Согласно же

Пармениду, ошибка состояла в непонимании того, что сами оппозиции могут быть поняты лишь будучи включенными в высшее единство бытия: обе противоположности принадлежат бытию... И все же ясно, что в мире, где элиминировано небытие, нет места смерти, как форме небытия. Известно, что Парменид приписывал трупам чувствительность, например, восприимчивость к холоду, к молчанию и к элементам противоположным. Мрак ночи (холод), в который погружается труп, не есть небытие, т.е. ничто, но, каким-то образом, труп продолжает чувствовать, а, стало быть, и жить [2, с.17].

Яғни, Бейболмыстың негізгі философиялық сипаттамаларын ашып көрсеткен Парменид оны болмыстық әдіснамамен тануға ұмтыла отырып, негативті жақтарына маңыз берді. Бейболмысты элиминация жасау конструкциисын антропологиялық өлім проблемасымен дәйектейді, яғни, адам болмысының жойылуы, болмыстық сферадағы «болған» нәрселермен тоғысады, Бейболмысқа өткен объектіге (адамға) ол сфера бәрібір болмыстық қатынасты «түйсіндіруге» ұмтылады. Бұл жерде болмыстан Бейболмысқа өту түбегейлі жоғалу емес, Бейболмыстық «жазықтықтағы» реэманациялық регрессияны бастан өткеру болып шығады. Яғни, бірте-бірте жоғалу сатысының өзі болмыстықты қабылдау болып табылатындығын да ұсынады. Ойшыл, сайып келгенде, адамның болмысы жоғалған (өлген) адам болмысы ретінде сақталады деген ұстанымды ниеттейді. Бұл эмоционалдылық жағынан - өлімнің болмыстан түбегейлі жоғалу екендігін терістеуден туындаған болса, рационалдық жағынан Бейболмыстың трансценденциясын арттыру үшін қолданылған мотив: «Как бы то ни было, очевидно, что эта попытка была направлена на преодоление апорий, ибо, признав свет и ночь формами бытия, мы утрачиваем возможность их дифференцировать. Парменидово бытие не признает ни количественных дифференциаций, ни качественных. Феномены, впечатанные в постоянство бытия, становились не только приравненными, но и неподвижными. Значит, великий принцип Парменида спасал бытие, но не феномены. А это станет еще более ясно из выводов его учеников»[3, с.17].

«Исходный пункт рассуждений Парменида о бытии был чрезвычайно простым. Он основывался на одном тавтологически звучащем тезисе: «Необходимо, в конечном счете, говорить и мыслить о том, что только то, что есть, существует, поскольку бытие есть, а небытия нет» [4, с.17]. Яғни, болмысты

дифференциациялауға, оған Бейболмысты енгізуге тырысқан ойшыл болмыстық дүние тұғырнамасын әйгілейді. Сөйтіп өзінің негізгі тезисі Бейболмыстың болмайтындығын айғақтады. Шындығында да, осы – «болмыс бар, болмыс емес жоқ» тұжырымы өте қарапайым болғанмен, ол – Бейболмысты теориялық сараптаудың ауқымды герменевтикалық шеңберінің циклды қайта тоғысатын «аяқталған және бастапқы» ортақ нүктесі. Яғни, Бейболмыс туралы кез-келген ойтолғамдардың түйісетін классикалық тұжырымы, әрі Бейболмыс философиясының «бастапқы тірек ядросы» деп тұжырымдауымызға болады. Барлық Бейболмыстық философиялау (рефлексия) осы тұжырымнан басталады және осымен аяқталады деген сөз. Осы аксиоманы жоққа шығару – Бейболмыс пен болмыстың негізгі субстраттық мәнінен алшақтау дегенді білдіреді.

Демек, көне грек ойшылы Парменид Бейболмыс философиясын категориялық түрде, кәсіби деңгейде алғаш ұсынушылардың бірі бола отырып, болмыс онтологиясын жасайды. Парменидтің Бейболмыс философиясын ұсынуының негізгі мәні мен мақсаттарын былай жүйелеуге болады: болмысты ашудың конструктивтік бағыты Бейболмыс мәселесін айналып өтпейтіндігі; дүниетанымдағы негізгі концептуалдық бірден-бір ақиқат әдіснама: «болмыстың бар, Бейболмыстың жоқ» екендігі болып табылатындығы; Бейболмыс болмыстың негізгі тұғырнамасын ашуда, оның тұрақтылығын, үнемі қатысатындығын, бар екендігін өзі арқылы (Бейболмыс) аналогиялық түрде дәйектейтіндігі; болмыс пен Бейболмыс арақатынасындағы бір-біріне өзара өтпеліліктің процессуалдық көріністерін ашуға ұмтылады. Адам өлімі арқылы Бейболмыс пен болмыстың жарыспалы түрде қатар қатынасатын дуализмін көрсетуге ұмтылатын концепциялардың негізін қалайды; бейболмыс «өмір сүрмейді», «жоқ» деген түсіндірмелермен ғана тұйықталып қалмай, оның философиялық ойтолғамдық деңгейде ғана байыпталуға болатын күрделі мәселе екендігін айғақтайды; бейболмыстың элиминациялануы мен анықталу сәтін, болмыстың да болуы мен жойылуы жөніндегі таза көмескі абстракциялықты нақты дәйектеуге тырысады; бейболмыс философиясының герменевтикалық шеңберге тірелетін табиғаты бойынша да парадоксальды мәнін ашады.

Сондықтан Парменидті түсіндірушілер оның парадоксальды Бейболмыстық танымын да атап көрсетеді: «С другой стороны, одно из основных положений Парменида — утверждение, что мысль и предмет мысли — одно и то же. Ни в коем случае не следует понимать это утверждение в духе поздней идеалистической «философии тождества»: как тезис, будто предмет мысли есть, по своей природе, мысль. Парменид утверждает другое: мысль — это всегда мысль о предмете. Мысль не может быть отделена от своего предмета, от бытия. Мысль — всегда бытие. Даже когда мы пытаемся мыслить небытие, оно все

же в каком-то смысле существует. Оно существует, оно имеет бытие, по крайней мере в качестве мысли о небытии. Мысль о небытии во всяком случае существует» [5, с.45]. Бұл пікірде Парменидтің философиясы парадоксальды деген ой ұсынылса, келесі пікір Парменидтің Бейболмыс философиясының парадоксальды болуы Бейболмыс ұғымының өзінің генезисі бойынша қайшылықты екендігімен байланысты болғандықтан деп объективтендіреді.

«Сложность осмысления «небытия», отмеченная в свое время еще Парменидом, заключается в следующем: в общем смысле, небытие — это отсутствие, однако описание отсутствия должно опираться на какие-то признаки, а наличие признаков, в свою очередь, обуславливает наличие субъекта описания. Таким образом, возникает парадокс наличия отсутствия» [6]. Осындай Бейболмыстың мазмұнының болмайтындығы мен формасының, яғни, айтылуы, сипатталуының бар екендігі, сөйтіп мән мен құбылыстың қайшылыққа келетіндігін А.Н. Чанышев: «Небытие небытия есть бытие» деп көрсетеді немесе жаңа логикалық құрылыммен қысқаша дәйектейді: «А есть, потому что А нет» [7, с.161].

Кейбір Парменид идеяларын түсіндіруші ғалымдарымыз оның онтологиялық сараптамасын диалектикалық түрде ұғындырады: «Парменид саналы дүниеге көзқарастардың негізгі алғышарттары қандай деген сұрақ қояды да, кез-келген дүниеге көзқарастың мына үш алғышарттың бірінде орын алатындығына куә болады: 1) болмыс қана бар, Бейболмыс жоқ; 2) болмыс қана емес, Бейболмыс та бар; 3) болмыс пен Бейболмыс теңбе-тең» [8, с.22]. Бұл үш тұжырымның синтезін Бейболмысты ашудың үш түрлі жазықтықта бірігуі деп түйсінген дұрыс тәрізді: Бірінші тұжырым – Бейболмыстың шынайы емес, яғни өмір сүрмейтіндігі, жоқ екендік болып табылатындығы және Бейболмыстың лингвистикалық-вербальды сипатталуын, яғни формальды көрінісін ығыстырып, мазмұнын ашып көрсететін – философиялық ойтолғам; екінші тұжырым – Бейболмыстың бар екендігі, болмыспен аналогиялық түрде оның формальды көрінісі мен жоба ретінде ұсынылатын методологиялық негізі ғана құрылатындығы, Бейболмыс туралы идеялардың өмір сүретіндігі арқылы оның да «шынайы» екендігі жөніндегі теориялық (фантастогориялық) конструктивтік модель болса, үшінші тұжырымы – диалектикалық және іргелі «метаонтологиялық-онтологиялық» парадигмадағы: болмыс пен Бейболмыстың жарыспалылығы болып табылады.

Демек, Парменидтің онтологиясы Бейболмыс арқылы болмыстың «алғытарихын» зерделейтін және «болмыс тарихының шартты аяқталуын» теориялық түрде модельдеуге мүмкіндік беретін, «бар» мен «жоқтың» да күрделі концептуалдық философиялық мән екендіктерін ашып берді. Осы мән ең басты

өлшем, тіпті алғыөлшем екендігі туралы ой тастайды. Ойшыл ұсынған осы тұжырымдар жалпыланған концептуалды ой деңгейлерінің абстракциялығының кульминациясы – Бейболмыс философиясына тірелетіндігін айғақтап берген тәрізді. Яғни, формальды логика бойынша жалпылану операциясының максималды шегі – Бейболмыс екендігін бағамдауымызға болады.

Шындығында, Парменид философияға болмыс ұғымын енгізумен қатар Бейболмыс түсінігін де ғылыми философиялық түрде алғаш ұсынушылардың бірі бола отырып, оның проблематикалық жазықтығын ашып берді. Бейболмыстың да болмыспен қатар тең дәрежеде объекті болуға құқылы екендігін байыптады. Осыдан философия тарихындағы Бейболмыс философиясы өрбіп, әр түрлі деңгейде өз ұстанымдарын байыптады, ол арнайы антионтологиялық сала ретінде даралана бастады. Ойшылдың Бейболмыс философиясын ашудағы бастапқы тезисі жоғарыда көрсетілгендей: «Болмыс бар, Бейболмыс жоқ». Бұл шындығында өте қарапайым логика болғанмен, Бейболмыс туралы кез-келген философиялық ойтолғамның әдіснамасы, негізгі ұстанар қағидасы, мәңгілікке бағдарланған бірден-бір ақиқат принцип, мазмұны жөнінен абсолютті болып табылатын тұжырым. Бұл тезис Бейболмыс философиясының тірек нүктесі бола отырып, оның герменевтикалық шеңберге айналатын, яғни қайта оралатын циклды тұстарында да осы тұжырым – орталық канон болып табылады. Тезистің субстанционалдық сипаты – Бейболмыс туралы дискурстың барлығы да осыдан дифференциацияланатындығына байланысты. Сондықтан кейінгі философиялық ойтолғамдар да осы қағиданы басшылыққа алып, Бейболмыс туралы түсініктемелерін жариялайды.

Демек, Парменидтің өзіндік Бейболмыс философиясы одан кейінгі философияның дамуы мен өрлеуінде маңызды буын атқарды деп бағамдауымызға болады. Себебі, шындығында да, ең негізгі орталық түсініктердің бірі – болмыс туралы онтологиялық толғанис қашанда диалектикалық түрде Бейболмыс мәселесін қамтуы қажет: болмыс – Бейболмыс парадигмасына сәйкес, оппозициялық жүйе де, онтология – антионтология болып құрылуы тиіс. Бірақ Бейболмыстың абсолюттілігі мен

түпкіліктілігіне байланысты оны метаонтология деп те атауға болады.

Элей мектебінің өкілі – Зенон да өзінің апорияларында кеңістік пен уақыттың динамикалығына сәйкес, Бейболмыс мәселесін тиянақтайды. Бірақ ондағы Бейболмыс құбылыстардың болмауы мен болуы, процестің күнгірттенуі, теориялық деңгейдің практикадан алшақтап, Бейболмыстық болып табылатындығы жөнінде айтылады. Апория мазмұнының қайшылығы Бейболмыстық қайшылықтың формасына сәйкес келеді.

Сондықтан Элей мектебіндегі философия онтологияны терең зерделеп, Бейболмыс проблемасын ұсынатын ойтолғам болып санала отырып, кейінгі дүниетанымның өрлеуіне өздігінше септігін тигізген үрдіс болып табылады. Оның бүгінгі таңдағы маңызы – қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымдары үшін де концептуалды әдіснама ретінде танылатындығында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ничто: Материалы из Википедии – свободной энциклопедии: Версия 11398143, сохран. В 08:10 UTC 12 октября 2008// Википедия, свободная энциклопедия.-Электрон. дан.- Сан-Франциско: Фонд Википедия, 2008.-Режим доступа: <http://ru.wikipedia.org/?Oldid=11398143>.
2. Дж.Реале, Д. Антисери. Западная философия от истоков до наших дней. I. Античность. - ТОО ТК "Петрополис", 1994. - 336 с. (с. 17)
3. Дж.Реале, Д. Антисери. Западная философия от истоков до наших дней. I. Античность. - ТОО ТК "Петрополис", 1994. - 336 с. (с. 17)
4. В. Татаркевич. История философии. Античная и средневековая философия. Издательство: Пермского университета.-2000.(с.17)
5. Асмус В. Ф. Античная философия.- 541 с (с.45)
6. Небытие: Материалы из Википедии – свободной энциклопедии: Версия 11451024, сохран. В 12:40 UTC 15 октября 2008// Википедия, свободная энциклопедия.-Электрон. дан.- Сан-Франциско: Фонд Википедия, 2008.-Режим доступа: <http://ru.wikipedia.org/?Oldid=11451024>)
7. Чанышев А.Н. Трактат о небытии// Вопросы философии № 10, 1990 (с.158-165)
8. 8. Маковельский А. Досократики.- Казань, ч. I — 1914, ч. II — 1915, ч.III — 1919. (с.22).